

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № а-04/129 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 мамырда № 5954 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 8 қарашадағы № А-11/363 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 08.11.2017 № А-11/363 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

қ а у л ы с ы м е н .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Бұланды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Бұланды ауданы әкімінің орынбасары Б.Ш.Тасылбековаға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2017 жылдың 1 қантарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Қ.Испергенов

Бұланды ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 24 сәуірдегі
№ а-04/129 қаулысымен
бекітілген

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

--	--	--

Мектепке дейінгі мекеменің түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқу мекемелеріндегі тәрбиеленушілер саны		Бір айдағы мектепке дейінгі мекемелерде жан басына шаққандағы қаражаттың мөлшері (теңге)	
	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
Балабақша	844	0	26930	0
Толық күнмен болатын шағын орталық	393	0	20326	0
Толық емес күнмен болатын шағын орталық	39	0	9254	0

кестенің жалғасы:

Бір айдағы бір тәрбиеленушіге орташа шығындар құны (теңге)		Бір айдағы мектепке дейінгі мекемелерде ата-ананың төлейтін мөлшері (теңге)	
мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
26930	0	8200	0
20326	0	8200	0
9254	0	0	0